

**М.Өтемісов атындағы Батыс
Қазақстан университеті**
ғылыми кеңесінің
№9 ХАТТАМАСЫ
30 мамыр 2025 ж.

**Западно-Казахстанский
университет им. М.Утемисова**
заседание ученого совета
ПРОТОКОЛ №9
30 мая 2025 г.

Өткен орны: 205-мәжіліс залы

Кенес төрағасы – Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы - А.С. Ниетова

Қатысқандар: ғылыми кеңестің 23 мүшесі

Қатыспағандар: ғылыми кеңестің 2 мүшесі (себепті)

Шақырылғандар: бөлім жетекшілері, білім беру бағдарламаларының жетекшілері, кафедра менгерушілері

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Университеттің академиялық қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру туралы. *Г.С.Қайсағалиева - академиялық мәселелер бойынша проректор*
2. 2025-2026 оқу жылына оқу құжаттарын бекіту туралы. *А.Б.Тлесова – академиялық қызмет департаментінің директоры*
3. М.Өтемісов атындағы БҚУ білім алушылары мен профессор-оқытушылар құрамының әлеуметтік көңіл-күйінің әлеуметтік мониторингі туралы. *П.А.Добряев - әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі*
4. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы. *М.Қ.Сүлейменов - тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор*
5. Ағымдағы мәселелер
 - 5.1. «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми кеңесі туралы ережені» бекіту туралы. *А.С.Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 5.2. Экономика ғылымдарының докторы, доцент Л.И.Мерғалиеваға М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры академиялық атағын беру туралы. *А.С.Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 5.3. Философия докторы (PhD) Г.М.Айтеноваға М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағын беру туралы. *А.С.Ниетова – ғылыми хатшы*
 - 5.4. 7М01535 «Информатика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты М.Ә.Аубекеровтің магистрлік диссертациясының тақырыбына түзету енгізу туралы. *А.А.Хамзина - информатика мұғалімдерін және IT мамандарын дайындау білім беру бағдарламасының жетекшісі*
 - 5.5. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және жаңарту туралы. *Б.Ж.Джангазиева - білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі*

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиеваның университеттің академиялық қызметін жоспарлау мен ұйымдастыру туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев Minor бағдарламасын бітіретін 500-ге жуық студентке қосымша біліктілік берілетін болғандықтан осы білім беру бағдарламасын бітіргені жөнінде сертификат емес, куәлік беруді заңгерлермен ақылдасып шешуді ұсынып, ЖАОК, Coursera мен жасанды интеллектіні білім беру бағдарламаларына енгізуді ойластыру және университет ұсынатын инновациялық білім беру бағдарламаларының ең алдымен талапкер сұранысына ие болуы керектігін атап көрсетіп, кеңес мүшелерінің басқалай алып қосары болмаса, қаулы жобасын дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері қаулы жобасын дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Университеттің академиялық қызметін жоспарлау мен ұйымдастыруда жүргізілген жұмыс қанағаттанарлық деп есептелсін.
2. Университеттің академиялық саясатына және академиялық қызметті реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттарға уақытылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

Жауапты: академиялық қызмет департаментінің, стратегиялық даму және инновация департаментінің директорлары, маркетинг және кәсіптік бағдар орталығының, сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшілері

Мерзімі: оқу жылы бойына, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы уәкілетті органның НҚА және стейкхолдерлердің нұсқаулықтары өзгергенде

Аяқталу түрі: бекітілген ішкі нормативтік құжаттар

3. Білім беру бағдарламаларының тізбесін өзектендіру, соңғы жылдары қабылдау жүргізілмеген БББ-ын алып тастау; МЖМБС өзгерістеріне, кәсіби стандарттарға, «Атамекен» ҰКП-ның, аккредиттеу агенттіктерінің, жұмыс берушілердің, түлектердің ұсыныстарына сәйкес қолданыстағы БББ-ын жаңарту жұмыстары уақытылы жүргізілсін.

Жауапты: БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, декандар, академиялық қызмет департаментінің директоры, БББ жобалық кеңсесінің жетекшісі

Мерзімі: 28 тамыз 2025 жыл

Аяқталу түрі: жаңартылған БББ

4. Білім беру бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, олардың «Атамекен» ҰКП жүргізетін рейтингтегі ТОП-3 көрсеткіштерін көтеру және ПОҚ сапа критерийі тармағын орындау мақсатында оқы-

тушыларды «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсына қатысуға тарту жұмыстары жандандырылсын.

Жауапты: сапа және аккредиттеу бөлімінің жетекшісі, ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімінің жетекшісі, декандар, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері

Мерзімі: қаңтар 2026 жыл

Аяқталу түрі: факультеттер бөлінісінде «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» конкурсына оқытушылардың қатысу нәтижелері

5. Әр факультеттен колледж, мектеп мұғалімдері, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері үшін біліктілік арттыру курстарының кемінде екі оқу бағдарламасы әзірленсін және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің педагогтардың біліктілік арттыру курстарының тізіліміне енгізілсін.

Жауапты: декандар, авторлық жұмыс тобының жетекшілері, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры, құзыреттілік орталығының жетекшісі

Мерзімі: қыркүйек-қазан 2025 жыл

Аяқталу түрі: бекітілген және ҚР Оқу-ағарту министрлігінің педагогтардың біліктілік арттыру курстарының тізіліміне енген бағдарламалар; курстарға қабылдау туралы бұйрық

6. Оқу-әдістемелік басылымдар, электронды басылымдар, РОӘЖ грифін алу үшін оқу және оқу-әдістемелік құралдарды басып шығару жұмысы тиімді жоспарлансын.

Жауапты: факультет декандары, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің жетекшісі, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры

Мерзімі: қыркүйек 2025 жыл

Аяқталу түрі: 2025-2026 оқу жылына бекітілген жоспар

7. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 2024–2029 жылдарға арналған даму жоспарына сәйкес, 2025 жылы университет оқытушылары әзірлеген жаппай ашық онлайн курсты Coursera платформасына орналастыру аяқталсын, М.Өтемісов атындағы БҚУ платформасына орналастыру үшін үш ЖАОК әзірленсін.

Жауапты: факультет декандары, БББ жетекшілері/кафедра меңгерушілері, курстарды әзірлеуге қатысатын оқытушылар, қашықтықтан және онлайн оқыту орталығының жетекшісі, стратегиялық даму және инновация департаментінің директоры

Мерзімі: желтоқсан 2025 жыл

Аяқталу түрі: әзірленген және орналастырылған ЖАОК

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша академиялық қызмет департаментінің директоры А.Б.Тлесова ғылыми кеңес мүшелерін 2025-2026 оқу жылына арналған М.Өтемісов атындағы БҚУ профессор-оқытушылар құрамы педагогикалық жүктемесінің нормасы, оқу үрдісінің кестесімен (академия-

лық күнтізбе) таныстырып, олардың факультеттерде талданып, тиісті бөлім жетекшілерімен келісіле отырып жасалғанына тоқтала келе, аталған құжаттарды бекітуді сұрады (құжаттар тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған профессор-оқытушылар құрамы педагогикалық жүктемесінің нормасы бекітілсін.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған оқу үрдісінің кестесі бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі П.А.Добряевтың университеттегі әлеуметтік мониторинг жүйесі туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев әлеуметтік мониторингтің маңыздылығын, осыдан бірнеше жыл бұрын студенттердің жатақхана жағдайы мен асханаларға көңілі толмайтыны айтылса, қазір оның жақсарғаны байқалып отырғанын, оқытушылардың бір адамға барлық жұмыс жүктеледі дегенімен де келісуге болатынын айтып, әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісіне білім алушылар мен профессор-оқытушылар құрамының көңілі толмайтын нәрселерді тиісті құрылымдық бөлімдерге жіктеп беруді және тиісті бөлім жетекшілеріне осы мәселелерді шешу жолдарын ойластыруды тапсырып, кеңес мүшелерінің өзге пікірі болмаса, қаулы жобасын дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері қаулы жобасын дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Ұсынылған ақпарат назарға алсын және БҚУ әлеуметтік мониторинг жүйесінің ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Мазмұнын БҚУ басшылығы мен оның құрылымдық бөлімдерінің сұранысына сәйкес өзектендіре отырып, университетте студенттер, оқытушылар мен қызметкерлер арасында әлеуметтік көңіл-күйді мониторингтеу аясында іріктемелі әлеуметтанулық сауалнамаларды өткізу жалғастырылсын. Факультет деканаттары мен құрылымдық бөлім жетекшілері әлеуметтік зерттеулер орталығына сауалнамаларды өткізуге жан-жақты қолдау көрсетсін.

Мерзімі: әлеуметтік зерттеулер орталығының 2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарына және БҚУ есептілік жоспарына сәйкес

Жауапты: әлеуметтік зерттеулер орталығының жетекшісі

Аяқтау түрі: әлеуметтік зерттеулер жөніндегі сараптамалық есептер, 2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік зерттеулер орталығының жұмысы туралы есеп

3. Студенттер мен магистранттарға университетте жүргізіліп жатқан әлеуметтік мониторингтің маңыздылығы мен оған жауапты қатысу қажеттігі туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын.

Мерзімі: қазан 2025 ж.

Жауаптылар: факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары

Аяқтау түрі: әлеуметтік зерттеулер орталығы жетекшісінің атына атқарылған жұмыс туралы ақпарат берілген қызметтік жазба

4. БҚУ-дың университет кафесін, буфет пен асханаларын жалға алушылар мен қызметкерлерінің өз қызметінің сапасын одан әрі жетілдіруге уәждемесін нығайта отырып, ЖОО-дағы қоғамдық тамақтану орындарының қызметін жақсарту шаралары қабылдансын.

Мерзімі: қыркүйек 2025 ж.

Жауаптылар: жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі, шаруашылық қызметінің жетекшісі, кәсіподақ комитетінің төрағасы

Аяқталу түрі: тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор мен әлеуметтік зерттеулер орталығы жетекшісінің атына жүргізілген жұмыс туралы ақпарат жазылған қызметтік жазба

5. Университет қызметкерлері арасында оның барлық мүшелерінің М. Өтемісов атындағы БҚУ қызметкерлерінің әдеп кодексінің, БҚУ студенттерінің мінез-құлық ережелерінің және М. Өтемісов атындағы БҚУ ар-намыс кодексінің нормаларын қатаң сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу жалғастырылсын және білім алушылармен қатысым барысында оларға әдепсіздік танытуға: дөрекілік, сыйламау, орынсыз мінез-құлыққа жол берілмесін.

Мерзімі: қазан 2025 ж.

Жауаптылар: факультет декандары, құрылымдық бөлім жетекшілері

Аяқталу түрі: әдеп жөніндегі кеңес төрағасы, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор мен әлеуметтік зерттеулер орталығы жетекшісінің атына жүргізілген жұмыс туралы ақпарат пен қызметтік жазбалар

6. Білім алушыларды, оқытушылар мен қызметкерлерді БҚУ басшылығының университет қызметінің тиімділігін арттыру, білім беру үрдісінің жағдайын жақсарту, озық білім беру технологияларын енгізу жөнінде қабылдап жатқан шаралары туралы қатысымның түрлі нысандары мен құралдарын (оның ішінде университет сайты, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер) пайдалана отырып хабардар ету жалғастырылсын.

Мерзімі: мамыр 2026 ж.

Жауаптылар: баспасөз қызметінің басшысы мен факультет декандары.

Аяқталу түрі: БАҚ-та, БҚУ сайтында, әлеуметтік желілерде және т.б. ақпараттық материалдар

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор М.Қ.Сүлейменовтің М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру туралы есебі тыңдалды (есеп мәтіні тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев оқу, ғылыммен қатар студенттермен жүргізілетін тәрбие жұмысының да маңыздылығын атап көрсетіп, қазір 57 студент пен жетекшілері универсиадаға қатысып жатқанын, бұл университетке үлкен күш түсіргенімен, көрсеткіштердің де жаман еместігін айта келе, алдағы уақытта студенттердің сабағына кедергі келтірмей, олардың күшін сарқымай қандай да бір ұйымдар өткізген жарыстар емес министрлік ұйымдас-тырған шараларға қатысуды ұсынып, БҚУ білім алушыларының интегралдық GPA енгізуді былтыр қолға алғымыз келгенімен, министрлік барлық оқу орындарына ортақ тұжырымдама жасауды ұйғарғаннан кейін соның негізінде жасау үшін кідіргенін айтып, кеңес мүшелерінің өзге пікірі болмаса, қаулы жобасын дауысқа салуды ұсынды.

Ғылыми кеңес мүшелері қаулы жобасын дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. «М.Өтемісов атындағы БҚУ білім алушыларының интегралдық GPA енгізу ұсынымы» дайындалсын.

Жауаптылар: проректорлар, факультет декандары

Мерзімі: қыркүйек 2025 жыл

Аяқталу түрі: дайындалған ереже

2. Қаулының орындалуын бақылау тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры М.К.Сүлейменовке жүктелсін.

Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова ғылыми кеңес мүшелерін «Білім туралы» Қазақстан Республикасы заңының 44-бабының 9-тармағына, «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 580 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 93) тармақшасына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі №157 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларына» сәйкес жаңартылып жасалған «М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми кеңесі туралы ережемен» таныстырып, оның проректорлармен және заңгермен келісілгеніне, танысу үшін

алдын ала ғылыми кеңес мүшелеріне жіберілгеніне тоқтала келе, аталған ережені бекітуді сұрады (ереже мәтіні тіркелді).

Ғылыми кеңес мүшелері ғылыми кеңес туралы ережемен алдын ала танысқандарын айтып, ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

«М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті коммерциялық емес акционерлік қоғамының ғылыми кеңесі туралы ереже» бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің академиялық және құрметті атақтарын беру жөніндегі сараптама комиссиясы отырысының 2025 жылғы 15 мамырдағы №4 хаттамасымен экономика ғылымдарының докторы, доцент Л.И.Мерғалиеваға М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры академиялық атағын беруді мақұлдауы негізінде, тарих, экономика және құқық факультетінен Л.И.Мерғалиеваға М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры академиялық атағын беру туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен қызметтік жазбамен таныстырып, үміткердің құжаттары ереже талабына сай келетінін атап көрсетіп, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшесі Г.И.Нестеренко Л.И.Мерғалиеваның Комитет доценті атағын алған 2011 жылдан бүгінгі күнге дейін ғылыми, оқу-әдістемелік және ұйымдастырушылық қызметте үздік нәтижелер көрсетіп келе жатқанын, қазіргі таңда Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 5 мақаласы, 7 монографиясы мен Scopus (процентілі 96) және Web of Science Core Collection (квартілі Q1) дереккөздеріне кіретін ғылыми журналдарда 2 мақаласы жарияланғанын, оның ғылыми зерттеу қызметінің негізгі тақырыптарына экономикалық интеграцияның мәселелері мен келешегі, инновациялық экономика, салалардың стратегиялық дамуы, сондай-ақ БҰҰ мақсаттары контекстіндегі тұрақты дамуды талдау жататынын, Л.И. Мерғалиеваның 2011 жылы «ЖОО үздік оқытушысы» атанғанын, 2023-2024 жж. «Болашақ» бағдарламасымен Англияның Рединг университетінің Хенлей бизнес мектебінен тағылымдамадан өткенін, жоғары білім беру саласындағы білікті маман екенін айта келе ұсынысты қолдайтынын білдірді.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев өзге пікір білдірушілер болмаса, жасырын дауыс беру үшін санақ комиссиясын құруды ұсынып, кімде қандай ұсыныс барлығын сұрады.

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова кеңес мүшелерінен бүгінгі кеңесте екі үміткер М.Өтемісов атындағы БҚУ академиялық атақтарына ұсынылып отырғандықтан екеуіне бір санақ комиссиясын құруға рұқсат сұрап, санақ комиссиясының құрамына физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент А.А.Кушеккалиев, тарих ғылымдарының кандидаты Л.С.Серикова

мен философия докторы (PhD) Қ.Р.Қажымовалардың кандидатурасын ұсынды.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев екі үміткерге бір санақ комиссиясын құру туралы ұсыныс пен санақ комиссиясының құрамына ұсынылған әріптестердің кандидатурасына ғылыми кеңес мүшелерінің алып-қосары бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты мақұлдап, екі үміткерге бір санақ комиссиясын құру және санақ комиссиясының құрамын бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев санақ комиссиясына жасырын дауыс беру рәсімін бастап, бюллетендерді кеңес мүшелеріне таратуды ұсынды.

Дауыс беру аяқталған соң санақ комиссиясының мүшелері жасырын дауыс беру нәтижесін санап, тиісті хаттамамен ресімдеді.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев жасырын дауыс беру нәтижесін жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасына сөз берді.

Санақ комиссиясының төрағасы А.Н.Кушеккалиев ғылыми кеңес мүшелерін санақ комиссиясының №1,2 хаттамаларымен таныстырып, бекітуді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелерінің экономика ғылымдарының докторы, доцент Л.И.Мерғалиеваға жасырын дауыс беру нәтижесі:

Жақтағандар - 23

Қарсы болғандар - 0

Қалыс қалғандар - 0

Жарамсыз бюллетень - 0

Дауыс беру қорытындысын негізге ала отырып ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Санақ комиссиясының №1,2 хаттамалары бекітілсін.
2. Экономика ғылымдарының докторы, доцент Л.И.Мерғалиеваға М.Өтемісов атындағы БҚУ профессоры академиялық атағы берілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің академиялық және құрметті атақтарын беру жөніндегі сараптама комиссиясы отырысының 2025 жылғы 15 мамырдағы №4 хаттамасымен философия докторы (PhD) Г.М.Айтеноваға М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағын беруді мақұлдауы негізінде, физика-математика факультетінен Г.М.Айтеноваға М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағын беру туралы кеңес төрағасының атына келіп түскен қызметтік жазбамен таныстырып, үміткердің құжаттары ереже талабына сай келетінін атап көрсетіп, ұсынысты қолдауды сұрады (қажетті құжаттар тіркелді).

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Кеңес мүшесі Д.Б.Абулкасова математика мен физика мұғалімдерін дайындау білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, философия докторы (PhD) Г.М.Айтенованың университеттегі қызметін 2012 жылы оқытушылықтан бастап, 2017-2025 жж. аға оқытушы, философия докторы (PhD) деңгейіне дейін жеткенін, оның ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыты дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер саласында 25-тен астам ғылыми мақаласы жарияланғанын, зерттеулері жаңашылдығымен ерекшеленетінін, 4 оқу және оқу-әдістемелік құрал дайындағанын, Scopus дерекқорына енген басылымдарда 3 мақаласы (процентілі 56,46,56) басылғанын, жастығына қарамастан өзін ісіне жауапкершілікпен қарайтын, талапшыл, еңбекқор ұстаз ретінде көрсете білгенін айта келе, үміткерді М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағына лайық санайтынын білдірді.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев өзге пікір білдірушілер болмаса, жасырын дауыс беру үшін санақ комиссиясын құруды ұсынып, кімде қандай ұсыныс барлығын сұрады.

Ғылыми хатшы А.С.Ниетова кеңес мүшелерінен бүгінгі кеңесте екі үміткер М.Өтемісов атындағы БҚУ академиялық атақтарына ұсынылып отырғандықтан екеуіне бір санақ комиссиясын құруға рұқсат сұрап, санақ комиссиясының құрамына физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент А.А.Кушеккалиев, тарих ғылымдарының кандидаты Л.С.Серикова мен философия докторы (PhD) Қ.Р.Қажымовалардың кандидатурасын ұсынды.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев екі үміткерге бір санақ комиссиясын құру туралы ұсыныс пен санақ комиссиясының құрамына ұсынылған әріптестердің кандидатурасына ғылыми кеңес мүшелерінің алып-қосары бар ма деп сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты мақұлдап, екі үміткерге бір санақ комиссиясын құру және санақ комиссиясының құрамын бекіту туралы ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев санақ комиссиясына жасырын дауыс беру рәсімін бастап, бюллетендерді кеңес мүшелеріне таратуды ұсынды.

Дауыс беру аяқталған соң санақ комиссиясының мүшелері жасырын дауыс беру нәтижесін санап, тиісті хаттамамен ресімдеді.

Кеңес төрағасы Н.Х.Серғалиев жасырын дауыс беру нәтижесін жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасына сөз берді.

Санақ комиссиясының төрағасы А.Н.Кушеккалиев ғылыми кеңес мүшелерін санақ комиссиясының №1,3 хаттамаларымен таныстырып, бекітуді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелерінің философия докторы (PhD) Г.М.Айтеноваға жасырын дауыс беру нәтижесі:

Жақтағандар - 23

Қарсы болғандар - 0

Қалыс қалғандар - 0

Жарамсыз бюллетень - 0

Дауыс беру қорытындысын негізге ала отырып ғылыми кеңес

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Санақ комиссиясының №1,3 хаттамалары бекітілсін.
2. Философия докторы (PhD) Г.М.Айтеноваға М.Өтемісов атындағы БҚУ қауымдастырылған профессоры (доцент) академиялық атағы берілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Информатика мұғалімдерін және IT мамандарын дайындау білім беру бағдарламаларының жетекшісі А.А.Хамзина ғылыми кеңес мүшелерінен 7M01535 «Информатика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты М.Ә.Аубекеровтің 31.10.2024 ж. №6-01-56/2 бұйрықпен «Информатиканың негізгі курсы» білім беру ресурстарын қолдану арқылы оқыту әдістемесі» тақырыбында бекітілген магистрлік диссертациясының тақырыбына ғылыми тағылымдамадан кейін жинақталған материалдары негізінде, диссертациялық зерттеудің ғылыми және практикалық құндылығын арттыру мақсатында ғылыми жетекшісін (п.ғ.к., аға оқытушы А.Х. Давлетова) сақтай отырып, «Информатиканың негізгі курсы» білім беру ресурстарын қолдану арқылы оқыту әдістемесі (бағдарламалау курсы мысалында)» деп түзету енгізуге рұқсат беруді сұрады.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты дауысқа салып, бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

7M01535 «Информатика» білім беру бағдарламасының 1-курс магистранты М.Ә.Аубекеровтің магистрлік диссертациясының тақырыбы «Информатиканың негізгі курсы» білім беру ресурстарын қолдану арқылы оқыту әдістемесі (бағдарламалау курсы мысалында)» деп түзетілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

Білім беру бағдарламалары жобалық кеңсесінің жетекшісі Б.Ж.Джангазиева ғылыми кеңес мүшелерінен Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына өзгерістер енгізілуіне, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, аккредиттеу агенттіктері, жұмыс берушілер мен басқа да мүдделі тараптардың ұсыныстарына сәйкес білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізілуіне байланысты Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміндегі 91 білім беру бағдарламасын жаңартуға және 6B017 «Ағылшын тілі, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері» инновациялық білім беру бағдарламасын тізілімге енгізуді мақұлдап, бекіту үшін басқарманың қарауына жіберуге рұқсат беруді сұрады.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Академиялық мәселелер бойынша проректор Г.С.Қайсағалиева барлық бағыттар мен дайындық деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларына жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты өзгеруіне байланысты қолданыстағы педагогикалық БББ-ларын ІР БББ-ның педагогикалық компонентімен үйлестіру мақсатында педагогикалық компоненттің пәндері өзгертіліп, БП цикліндегі «Оқушылардың физиологиялық дамуы» пәні «Балалардың жас және физиологиялық даму ерекшеліктері» пәніне, «Инклюзивті білім берудің негіздері» пәні «Инклюзивті білім беру ортасы» пәніне, «Мектеп психологиясы» пәні «Білім берудегі психология және өзара әрекеттесу мен коммуникация тұжырымдамалары» пәніне, «Педагогика» пәні «Білім беру туралы ғылым және оқытудың негізгі теориялары» пәніне, «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні «Педагогикалық зерттеулер» пәніне, «Оқыту мен критериялы бағалаудағы жаңа тәсілдер бағалау» пәні «Бағалау және даму» пәніне ауыстырылып, «Оқытуды жоспарлау және дербес оқыту» және «Зерттеулер, даму және инновациялар» пәндері енгізілгеніне тоқтала келе, ұсынысты қолдайтынын білдірді.

Ғылыми кеңес мүшелері ұсынысты талдап, дауысқа салып бірауыздан қолдады.

ҚАУЛЫ:

1. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізілімінде төмендегі 91 білім беру бағдарламасын жаңарту жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:
 1. 6B01408 Бастапқы әскери және дене шынықтыру дайындығы;
 2. 6B01410 Дене шынықтыру, бейімдік дене шынықтыру және спорт;
 3. 6B01414 Еңбекке баулу және кәсіпкерлік негіздері (ІР);
 4. 6B01413 Музыкалық білім (ІР);
 5. 6B01502 Математика-Физика;
 6. 6B01536 Физика (ІР);
 7. 6B01520 Математика (ІР);
 8. 6B01503 Математика-Информатика;
 9. 6B01505 Физика-Информатика;
 10. 6B01518 Информатика және робототехника;
 11. 6B01508 Химия-Биология;
 12. 6B01534 Химия (ІР);
 13. 6B01526 Биология-География;
 14. 6B01532 Биология-Психология;
 15. 6B01512 География-Тарих;
 16. 6B01519 География (ІР);
 17. 6B01711 Қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі;
 18. 6B01715 Қазақ тілі мен әдебиеті (ІР);
 19. 6B01707 Орыс тілі, ағылшын тілі, әлем әдебиеті;
 20. 6B01708 Орыс, қазақ тілдері мен әлем әдебиеті;
 21. 6B01714 Шетел тілдері (ІР);

- 22.6B01713 Ағылшын тілі (IP);
- 23.6B01802 Әлеуметтік педагогика және педагог-ассистент;
- 24.6B01803 Әлеуметтік педагогика (IP);
- 25.6B02129 Аспаптық орындау;
- 26.6B02102 Вокалдық өнер;
- 27.6B02125 Дәстүрлі музыкалық өнер;
- 28.6B02104 Режиссура;
- 29.6B02126 Актерлік өнер;
- 30.6B02105 Хореография;
- 31.6B02130 Art dance педагогы;
- 32.6B02123 Сән және костюм дизайны;
- 33.6B02124 Интерьер дизайны;
- 34.6B02127 Графикалық дизайн;
- 35.6B02128 Арт-декор. Қолөнер;
- 36.6B02202 Тарих, мұрағат ісі және мұражайтану;
- 37.6B02301 Филология: қазақ филологиясы;
- 38.6B02302 Филология: орыс филологиясы;
- 39.6B02304 Филология: қазақ тілі және түрік тілі;
- 40.6B03101 Әлеуметтану;
- 41.6B03108 Әлеуметтану-дінтану;
- 42.6B03106 Дінтану;
- 43.6B03105 Психология;
- 44.6B03102 Халықаралық қатынастар;
- 45.6B03207 Кітапханалық-педагогикалық қызмет;
- 46.6B04108 Экономика және менеджмент;
- 47.6B04111 Есеп және аудит;
- 48.6B04105 Қаржы;
- 49.6B04114 Маркетинг және бизнес;
- 50.6B04102 Экономикалық қауіпсіздік;
- 51.6B04106 Мемлекеттік және жергілікті басқару;
- 52.6B04202 Құқықтану;
- 53.6B04203 Құқық қорғау қызметі;
- 54.6B04204 Кәсіпкерлік қызметті құқықтық реттеу;
- 55.6B05201 Экология;
- 56.6B05204 География;
- 57.6B05301 Химия;
- 58.6B06102 Ақпараттық жүйелер;
- 59.6B06103 Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету;
- 60.6B11101 Туризм;
- 61.6B11102 Мәдени-тынығу жұмысы;
- 62.7M01109 Педагогика және психология;
- 63.7M01108 Педагогика және психология (Ресей Федерациясының
Әлеуметтік педагогикасы);
- 64.7M01307 7M01307 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі;
- 65.7M01402 Дене шынықтыру және спорт;

- 66.7M01404 Музыкалық білім;
- 67.7M01501 Математика;
- 68.7M01504 Физика;
- 69.7M01535 Информатика;
- 70.7M01538 Цифрлық педагогика (IP);
- 71.7M01507 Химия;
- 72.7M01509 Биология;
- 73.7M01512 Биология (1,5 ж.);
- 74.7M01537 Биология (Ресей Федерациясының жалпы және кәсіптік білім беру жүйесіндегі Биология және экология);
- 75.7M01510 География;
- 76.7M01601 Тарих;
- 77.7M01701 Қазақ тілі мен әдебиеті;
- 78.7M01703 Орыс тілі мен әдебиеті;
- 79.7M01704 Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті;
- 80.7M01705 Шет тілі: екі шет тілі;
- 81.7M01709 Шетел тілі: екі шетел тілі (1,5 ж.);
- 82.7M02101 Дизайн;
- 83.7M02201 Тарих;
- 84.7M02301 Филология: қазақ филологиясы;
- 85.7M03102 Халықаралық қатынастар;
- 86.7M03104 Психология;
- 87.7M04101 Экономика;
- 88.7M04106 Мемлекеттік және жергілікті басқару;
- 89.7M04103 Менеджмент;
- 90.7M05101 Биология;
- 91.7M11102 Мәдени-тынығу жұмысы.

2. Жоғары білім беруді дамыту ұлттық орталығының білім беру бағдарламаларының тізіліміне төмендегі инновациялық білім беру бағдарламаларын енгізу жөніндегі мәселе мақұлданып, М.Өтемісов атындағы БҚУ коммерциялық емес акционерлік қоғамы басқармасының қарауына жіберілсін:
1. 6B017 Ағылшын тілі, кәсіпкерлік пен бизнес негіздері;
 2. 7M011 Педагог-кәсіби бағдарлаушы (IP).

Кеңес төрағасы:



Н.Х.Серғалиев

Ғылыми хатшы:



А.С.Нисетова

**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ғылыми кеңесінің
2024 – 2025 оқу жылындағы**

қатысу парағы

30.05.2025 ж.

№	Аты-жөні	Лауазымы	Қатысуы
1.	Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы	басқарма төрағасы-ректор	
2.	Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы	тарих ғылымдарының докторы, академик	
3.	Қайсағалиева Гүлжахан Смайылқызы	академиялық мәселелер бойынша проректор	
4.	Ахмеденов Қажымұрат Максотұлы	ҒЖ және ХБ жөніндегі проректор	
5.	Сүлейменов Мерген Қуанышұлы	ТЖ және ӘМ жөніндегі проректор	
6.	Хусаинов Мерғали Серғазыұлы	ардагерлер кеңесінің төрағасы	
7.	Ниетова Айгүл Серікқызы	ғылыми хатшы	
8.	Қажиахметов Салауат Абайұлы	кәсіподақ ұйымының төрағасы	
9.	Нестеренко Галина Ивановна	тарих, экономика және құқық факультетінің деканы	
10.	Абулкасова Дина Бакытжанқызы	физика-математика факультетінің деканы	
11.	Тұрғымбаев Ақан Асқарұлы	жаратылыстану-география факультетінің деканы	
12.	Ерғалиева Гүлжан Алғазықызы	педагогика факультетінің деканы	
13.	Қажымова Қарлығаш Рахымқызы	мәдениет және өнер факультетінің деканы	
14.	Ақболатов Айдарбек Ахметұлы	филология факультетінің деканы	
15.	Испулова Роза Нәбиқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент	
16.	Мұханбетчина Ақлима Ғабділқызы	педагогика ғылымдарының кандидаты	
17.	Айтқалиева Қарлығаш Дайырғалиқызы	режиссура, хореография және мәде- ни-тынығу жұмысы БББ жетекшісі	
18.	Серікова Ләззат Серікқызы	құқық БББ жетекшісі, тарих ғылымдарының кандидаты	
19.	Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы	педагогика ғылымдарының докторы, профессор	
20.	Шагимгереева Бакытгуль Ерсайнқызы	филология ғылымдарының кандидаты	
21.	Кушеккалиев Алман Нысанбайұлы	физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент	
22.	Хамзина Ақмарал Абилкаирқызы	информатика мұғалімдерін және ІТ мамандарын дайындау БББ жетекшісі	

23.	Сагидуллаев Дарын Зайнуллаұлы	БҚУ жас ғалымдар кеңесінің төрағасы	<i>себебі</i>
24.	Нәси Гүлбақыт Берікқайрқызы	мәдени-тынығу білім беру бағдарла- масының 2-курс магистранты	<i>Нәси</i>
25.	Владимир Мұхаммед Азаматұлы	жаратылыстану-география факуль- тетінің 4-курс студенті	<i>Азамат</i>